

Жаңалықтар.Хабарлар

Балдырғандар кітапханада болды



Жуырда "Назым" балалар бақшасының "Балауса" тобы облыстық кітапханаға саяхат жасады. Балғын бөбектер кітапхананың балдырғандар залында түрлі танымдық әдебиеттермен, "сөйлейтін" кітаптармен танысты.

Сонымен қатар балдырғандар

"Көркем жаз" тақырыбында суреттер салып, түрлі ойындар ойнады.

Шара соңында мультфильмдерді тамашалады. Мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Ә. Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана.

Жас зерттеушілер жеңіспен оралды



Киелі Сыр өңірі өзінің талантты ұл-қыздарымен талайды тамсандырып, өзгені мойындата білген аймақ. Бүгінде облысымыздағы талантты шәкірттерді тәрбиелеп, сапалы білім мен шығармашылық іске тартатын, ғылыми жұмысына әдеттеніп дағдыланған, білікті маман дайындайтын №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының орны ерекше. Білім ордасының дарынды шәкірттері облыстық және республикалық, сондай-ақ, халықаралық ғылыми жоба жарыстарына белсенді қатысып, жүлделі орындарды жеңіп алып, облысымыздың ғана емес, еліміздің атын алыс-жақын шет елдерге шығарып жүр. Мәселен, үстіміздегі жылы Ақтөбе қаласында М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медициналық университетінде өткізілген ҚР Кіші Ғылым Академиясының 41-ғылыми-практикалық конференциясына аталмыш мектеп-интернатының оқушылары қатысты. Бұл конференцияға Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе облыстарынан және Ақтөбе қаласынан 455 студенттері мен мектеп оқушылары қатысты. Онда 19 секция бойынша ғылыми жобалар қорғалды.

Республика Батыс аймағының түпкір-түпкірінен келген осы шараға аталмыш мектеп-интернатының 9-сынып оқушылары Жұмабек Рабиға, Балабаева Перизат, Ергалиева Несібелі, Орынбасар Әсел менің жетекшілігімен қатысты.

"Биология" секциясы бойынша "Сыр бойы жағдайында қауын дақылының суару тәртібін зерттеу" тақырыбында ғылыми жобаны қорғағандар Рабиға мен Перизат бұл айтулы сынақтан мүдірмей өтіп, 1-жүлделі орынды жеңіп алып, I-дәрежелі дипломмен марапатталды.

"Экология" секциясы бойынша "Арал теңізінің құрғаған табанында кейбір галофиттермен фитомелиоративтік жұмыстарды жүргізу" тақырыбында ғылыми жобаны қорғағандар Несібелі мен Әсел де I-жүлделі орынды иемденіп, I-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Жас зерттеушілердің ғылымға деген көзқарасын жүйелі түрде қалыптастыруды мақсат тұтқан ғылыми-практикалық конференциядан алған әсеріміз өте керемет. Білім бәйгесінде шәкірттеріміздің мәртебесі биік болды. Олар жаңалыққа жандары құмар, көп іздену үстінде, ғылымға бейім, келешекте осы саланы жетік игеріп, білікті маман болғылары келеді. Бұл жеңістер жас зерттеушілердің екі жылдық маңдай терлерінің ізденімпаздықтары мен табандылықтарының жемістері. "Бұлақ көрсең, көзін аш" деген қанатты қағиданы ұран еткен мектеп басшысы алдын ала зор сеніммен айтқанда жас зерттеушілердің қолдаушысы, жәрдемшісі, қамқоршысы. Иә, солай болуы керек те.

"Білімді ұрпақ - ел болашағы" демекші, ғылым көкжиегіндегі жасыл құрақтай желкідеп өсіп келе жатқан аталмыш жас зерттеушілер Республика деңгейінде Сыр елінің намысын қорғап, дәрежесін асқақтата білді.

Ғылымға деген қаққан қанаттарың талмай, тек жеңіс тұғырынан көріне беріңдер дейміз біз де жас зерттеушілерге үлкен тілектестік жүрепкен.

Талғат МҰХАМЕТЖАНОВ,
ғылыми жетекші, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.

Ізгі тіліек

Мен №35 мектеп-лицейдің 10-сынып оқушысымын. Журналистер қатарынан көріну бала күннен арманым. Мен де халықтың жоғын жоқтап, әділдік жағында болғым келеді. Бос уақытымда өлең жазамын, осы жырларымның арқасында бірнеше мұшайралардан жүлделі орын алдым. Қазіргі таңда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен бірнеше жетістіктерге жеттім. Бұл жеңістерге жетуіме көп көмек берген қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қалхоразова Ұлбосын апай. Мен өлеңдерімді сүйікті баслыммыз "Бал дәуренге" жіберу арқылы, мұғаліміме алғыс білдіргім келді.

Анашым жүрегімсің

Анашым осы өмірде жүрегімсің,
Әрқашан арқа сүйер тірегімсің,
Біз бақытты болсын деп сен қашанда,
Алладан мейрім, шапағат тілермісің.

Жаһандағы жарығым тек бір өзің,
Мөлтілдеген түп-тұнық қара көзің.
Ойлайтыным тек қана мына әлемде,
Аман болшы тілегім сол менің де.

Біз үшін түн ұйқыңды бөлесің де,
Мен үшін ойнайсың да, күлесің де.
Бала үшін шырылдап күні-түні,
Мына өмірді біз үшін сүресің бе?

Жақсылығым болса сен асырасың,
Жаман болсам әрдайым жасырасың.
Күйіп-пісіп жүресің балаң үшін,
Басыңа әрқашанда бақыт қонсын.

Аналардың тап-таза жүрегі кең,
Ойлайтыны алдында аман жүрсең.
Бақытты да, баянды өмір сүрсең,
Езу тартып жымыып сен бір күлсең.

Анашым дарасың ғой, данасың,
Ақ сүтімен әлпештеген баласың.
Әрқашанда жүрегімде, жадымда.
Мейірбан боп, періште боп қаласың.

Туған жерім қасиетті мекенім

Туған жерім қасиетті мекенім,
Білем сенің киен биік екенін.
Шаң жуытпай сенің мына атыңа,
Ардақтаумен сені мәңгі өтемін.

Туған елім қасиетті тұғырым,
Ешқашанда лайланбайтын тұнығым.
Балаң сенің байтақ мына төсінде,
Бақытты өмір кешіп жатыр бүгінде

Елім менің қасиетті айбыным,
Көк жүзінде қалықтаған айдыным.

Бұл өмірде өзің ғана туған жер,
Шексіз менің баға жетпес байлығым.

Туған жерім таусылмайтын жыр,
Әнім,
Бір өзіңмен әрқашанда арманым.
Асқақтағын, шарықтағын әрдайым,
Саған осы тілегімді арнадым.

Жұлдызай АНШАЕВА.
Сырдария ауданы.

“Отан отбасынан басталады”

С.Майқанова атындағы мәдениет Үйінің ұйымдастыруымен №2 Балалар Оңалту орталығында "Отан отбасынан басталады" атты концерт ұйымдастырылды.

Шараның алғы құттықтау сөзін №2 Балалар Оңалту орталығының директоры Жұматова Перизат алып, өз жылы лебізін білдірді. Шараға қатыстырылған ата-аналар өз кезегінде Орталықтың қызметкерлеріне, жасалып жатқан жұмыстарына ризашы-

лықтарын, алғыстарын жеткізді.

Концерттік бағдарламада түрлі ойындар ұйымдастырылып, С.Майқанова атындағы мәдениет Үйінің "Дарын" ән үйірмесінің мүшелері - Қ.Омарова, Д.Орынбай, О.Алтынбек, Д.Төлеу мерекелік әндерін көрермендерге тарту етті.

М.АМАНОВА,
мәдениет Үйінің әдіскері.
Тасбөгет кенті.



Суретті салған №167 мектеп оқушысы Тоқтар МАХМУД.
Жаңақорған ауданы.

Меншік иесі:
“Сыр мектебі” жауапкершілігі

Айына екі рет шығады

Бас редактор **Махмұтбай ӘМІРЕҰЛЫ**

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет редакция компьютерінде теріліп, беттелген.
“Print” баспаханасында басылды.
Тапсырыс № 858

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2001 жылы 28 қазанда тіркеліп, №2418-Г куәлігін алған.
Индексі 65639.
Таралымы 1848 дана

Мекен-жайымыз:
Қызылорда қаласы, Тасбөгет қонысы, М.Шоқай көшесі, 8 үй.
Телефондар:
Бас редактор: 21-50-75,
Тілшілер, есепші: 40-06-72.

Жаңалықтар.Хабарлар

АТА-ТЕК – АТА-БАБА АМАНАТЫ



Облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен және "Сыр бөбегі" балабақшасының қолдауымен "Ата-тек - ата-баба аманаты" акциясы өтті.

Акцияны облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Е.Меңдібаев сөз сөйлеп ашып, іс-шараның мақсатына тоқталды.

- "Тілді сүю - талбесіктен", "тәрбие басы - тіл" - дейді халық даналығы. Өйткені, барлық тәлім-тәрбие бастауы бесіктен басталса, сол тәрбие ең алдымен тілден бастау алады.

Кешегі Кеңес үкіметінің солақай саясаты санамызға сіңірілген тұста тегімізге еріксіз таңылып жазылған "-ов", "-ев" "-ин" қосымшалары бүгінгі ұлттық бітім - болмысымызға, ата дәстүрімізге тайға таңба басқандай із қалдырды. Егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіз мемлекет болғалы бұл мәселе ұлттық идеяға сәйкес биік деңгейде қаралып, серпіліске ие болып отыр.

Қазақ азаматтарының аты-жөнінің жазылуын реттестіру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 2 сәуірде "Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешудің тәртібі туралы" Жарлығы шығарылғаны белгілі. Ол Жарлықта:

Ұлты қазақ азаматтар өздерінің тегі мен әкесінің атының жазылуын қазақ тіліне тән емес аффиксті алып тастай отырып, өзгертуге хақылы, алайда тегі мен әкесінің атының түбірлік негізі сақталуға тиіс. Бұл ретте әкесінің атын жазған кезде азаматтың жынысына қарай "ұлы" немесе "қызы" сөздері қосылып, бірге жазылады" деп нақты айтылған.

Сондай-ақ, 2012 жылдың 4 ақпанындағы Мемлекет басшысының №265 Жарлығымен осы құжатқа енгізілген өзгерістерге сәйкес тегі мен әкесінің атының жазылуын оңайлатылған тәртіппен, азаматтық хал-ахуалын жазу актілеріне өзгерістер енгізусіз жүргізуді қамтамасыз ету мәселесі қолға алынды.

Акция қонақтары балабақша бүлдіршіндері дайындаған тақырыптық ток-шоуды, көріністі тамашалады. Акция соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Мерекеге орай, басқарма тарапынан бүлдіршіндерге ой-өрісін, танымын дамытатын дидактикалық ойыншықтар тарту етілді.

Облыстық ішкі саясат басқармасының ономастика және көрнекі ақпаратты бақылау бөлімі.

ТАЛАПҚА ТАЛҒАМ ТАРАЗЫ



Келешегіміздің келбетті, болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарға тікелей байланысты. Өйткені, олар - "ертеңімізді жа-сайтын бүгініміз". Жастарға деген үлкен сенім мен зор үміттің артылатыны бесенеден белгілі. Елдің қуаты мен қозғаушы күші де - осы жастар. Сондықтан да жастардың сапалы білім, саналы тәлім-тәрбие алып, саламатты болып өсуі - мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.

Қазір ел жастары болашаққа батыл әрі ашық көзқараспен қарайтын деңгейге жетіп отыр. Сол себепті жастардың алдына ауқымды міндеттер қойылуда.

Осы орайда техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының "Талапқа талғам - таразы" кәсіби бағдар беру ақпараттық - насихаттық тобының облыс аудандарында ұйымдастыру жұмыстары басталды. Жиын облыстық білім басқармасы кәсіптік

білім бөлімінің басшысы Б. Есенбаев пен аудандық білім бөлімінің басшысы Б.Добыловтың бастамасымен Арал ауданының №262 мектеп - гимназиясында өткізілді. Насихаттық топтың ең алғашқы сапары Арал өңірінен бастау алып, бітіруші түлектермен кездесті. Насихаттық топтың құрамында Қызылорда медициналық колледжі, И.Әбдікәрімов атындағы аграрлы - техникалық колледжі, Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжі, М.Мамедова атындағы гуманитарлық колледжі, Қызылорда құрылыс және бизнес, Қызылорда индустриалды-техникалық колледжі, Қызылорда политехникалық колледжі, Арал көпсалалы және Арал индустриалды - техникалық колледжінің өкілдері болды.

Ақмарал КҮНЖАНОВА,
Арал индустриалды-техникалық колледжінің арнайы пән оқытушысы.

“ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ІЗГІ ҚАСИЕТ”



Жалағаш ауданының үйден әлеуметтік қызмет көрсетілетін 20 мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер кітапханада қонақта болды. Мүмкіндігі шектеулі жандардың руханият ордасы - кітапханаға келуіне Жалағаш аудандық ардагерлер кеңесі мұрындық болып отыр.

"Қайырымдылық - ізгі қасиет" атты

саяхат барысында кітапханамен, суретті "сөйлейтін" жаңа кітаптармен танысты. Кітапхана қызметкерлері арнайы ұйымдастырған "Сиқырлы лото", "Ертегі кейіпкерлерін тап" ойындарын ойнады.

Шара соңында кітапхана қонақтарына кітаптар сыйға берілді.

ВОЛЕЙБОЛДАН
ӨТКІЗІЛГЕН ЖАРЫС

Білім - ел қазынасы, халқымыздың білімділігі еліміздің байлығының ең маңызды бөлігі десек, білімнің негізі мектепте, яғни бар ғылымның бастауы - мектеп. "Елдің келешегі бүгінгі жастардың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры - ұстаздың қолында" деп Елбасы бізге үлкен міндет артып отыр. Білім беру жүйесінің қайта жаңартылуы баланың шығармашылық дарындылығын тануға және болжам жасауға жаңа көзқарасты талап етуде. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі ашады. Оқушылардың интеллектуалды шығармашылығының дамуына үлес қосу, жасөспірімдерді ғылыми зерттеу және жобалау жұмыстарына баулу мақсатында қазіргі уақытта мүмкіншіліктер өте көп.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде жас ғалымдардың, студенттер мен мектеп оқушыларының "XV Сәтбаев оқулары" халықаралық ғылыми конференциясы өтті. "XV Сәтбаев оқулары" халықаралық ғылыми конференциясына Қазақстанның түкпір-түкпірінен яғни, Астана, Алматы, Ақтөбе, Арқалық, Қызылорда, Семей, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Рудный, Орал, Шымкент, Петропавл және жақын шетелдерден Барнаул, Чита, Томск, Омбы, Челябинск, Минск, Новосібір, Санкт-Петербург қалаларынан жас ғалымдар мен оқушылар қатысты. Конференцияның секциялық жұмысы

15 бағыт бойынша өтіп, ғылыми мақалалар 22 жинақтарда басылып шықты.

Жас ғалымдардың, студенттер мен мектеп оқушыларының "XV Сәтбаев оқулары" халықаралық ғылыми конференциясына біздің де мектебіміздің мұғалімдері мен оқушылары қатысып, жинаққа еңбектері еніп, олжалы оралды.

Мектеп мақтанышы, дарынды 10-сынып оқушысы Құрманбекова Гүлдәрінің "Қоршаған ортадағы фигуралар" еңбегі І-дәрежелі дипломмен марапатталса, 9-сынып оқушысы Мүсілімова Перизаттың "Қоршаған ортаның қоғамға әсер етуі", 9-сынып оқушысы Жаңбырбаева Айгерімнің "Математикалық маятниктің тербелісін математикалық модельдеу", 10-сынып оқушысы Рахметоллаева Айдананың "АКТ-ның 13-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің өміріндегі рөлі" еңбегі ІІ-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Физика пәнінің мұғалімі Жаннат Серікбаеваның "Физика сабақтарында оқушының танымдық белсенділігі мен ойлау қабілетін дамыту" еңбегі мен бастауыш сынып мұғалімі

Нұрманова Мадидің "Бастауыш сыныпта оқушылардың шығармашылық әлеуетін ұйымдастыру" тақырыбындағы еңбегі ІІ-дәрежелі дипломмен марапатталып, жинаққа енді.

Ж.СЕРІКБАЕВА,
Т.Ізтілеуов атындағы
№29 орта мектептің
физика пәнінің мұғалімі.
Кармақшы ауданы.

Жаңа оқу жылы алдында

Ырысбайдың белгісі

Болған оқиға ізімен

Өткен күндер елесі,
Әлде оның көзі ме.
Ауылдың әр төбесі,
Тұнған тарих, шежіре.

Көп қой күмбез, белгілер,
Бәрі өзінше сыр айтар.
Жайлары бар ел білер,
Жүрекке зіл, мұң артар.

Кімнің келер көргісі,
Көңілде көп сұрақ та.
Тұр Ырысбай белгісі,
Ауылдан сырт, жырақта.

Ол кім-батыр, дана ма,
Барлық жайын ел білер.
Ол-бес жасар балаға,
Арнап қойған белгі дер.

Ырысбай кім, не бала,
Жатқан сырттан жай тауып.
Себепсіз іс бола ма,
Соның жайын айталық...

...Күз болатын онда да,
Нұр құйылған аспаннан.
Көптен күткен бар бала,
Сабақ жаңа басталған.

Естідік жас болсақ та,
Жоқшылықтың көп атын.
Бастауыш та сол шақта,
Басқа ауылда болатын.

Барлық бала топталып,
Күнде оқуға жетпекке.
Көрші ауылды бетке алып,
Бір баратын мектепке.

Ырысбай жас әлі де,
Жасы оқуға жетпеген.
Жалынса да бәріне,
Балалар еш ертпеген.

Жүргесін бе бір өсіп,
"Барам" деуден танбайтын.
Жандарына ілесіп,
Сондарынан қалмайтын.

Хабардар бар жайыңнан,
Таудай еді талабы.

Дәптері де алынған,
Дайын еді қаламы.

Балалармен жол жүріп,
Бірге бармақ болатын.
Ата-анасы көндіріп,
Әрең алып қалатын.

...Бір-бірімен арбасып,
Бірін-бірі күзетіп.
Осылайша жалғасып,
Жатты күздің күні өтіп.

Айға жуық боп қалған,
Оны аңдып, баққалы.
...Жұрт баладан топталған,
Ырысбайды таппады.

Сыртта да жоқ, үйде де,
Барлығын да қарады.
Айту қиын бірдеңе,
Күн кешкіріп барады.

Ата-анада мың күдік,
Қалай тыныш жата алар.
Бүкіл ауыл дүрлігіп,
Атқа қонды аталар...

Айқындалды жер барлық,
Адақталды жол барлық.
Бір бағыт жоқ қолдарлық,
Бір белгі жоқ долбарлық.

Іздеуші топ іркілді,
Жасады бар амалды.
Көкжиекте күн тұрды,
Түн келуге таялды.

Топ басшысы алдағы,
Ерекше ізшіл болатын.
Әдетінен танбады,
Жолдың сыртын шолатын.

Қабақ ашпай түйіліп,
Қалпын жазбай талайғы.
Әр бұтаға шүйіліп,
Әр құмға ұзақ қарайды.

Бағып тақыр даланың,
Бұта, құмы, шөптерін.
Білді ақыры баланың,
Жолдан шығып кеткенін.

Өз ойына сенімді,
Адасқанда кім тұрар.
Сәлден кейін көрінді,
Сынған бұта, шырпылар.

Адасқанда жай қандай,
Ұғатыны белгілі.
Алдыңдағын аңғармай,
Ұратыны белгілі.

Жолда бұтақ иілген,
Тұратыны белгілі.
Етек-жеңін түрілген,
Жыратыны белгілі.

Барлығына сенімді,
Барлығын да аңғарған.
Сәлден кейін көрінді,
Құм бетіне тамған қан.

Біліп бала жай-күйін,
Бұдан соң көп тұрмады.
Ізшілердің барлығын,
Шақырып тез жинады.

Күн де батып бұл кезде,
Қас қарайған болатын.
Түн түнеріп лезде,
Жайған еді қанатын...

Топ басшы айтты бәріне,
- Білдім бала бағытын.
Іздеу қиын әріге,
Келіп қалды тағы түн.

Бұдан әрі тұрмалық,
Түнде нені аңдаймыз.
Таң алдында жиналып,
Іздеуді әрі жалғаймыз.

Өтті күздің түні де,
Ағартып нұр аспанды.
Тағы да таң біліне,
Баланы іздеу басталды.

Бәрі де айқын сезінді,
Бағыт дұрыс жалғанған.
Айқынырақ көрінді,
Құмға түсіп тамған қан.

Түнде болды жай қалай,
..Сынған бұта, түр бәрі.

Белгілі ғой байқамай,
Соқтыққаны, ұрғаны.

Сексеуілді, жыңғылды,
Қызыл іші жолы жоқ.
Жапқан қан да сұр құмды,
Көрінеді көбірек.

Ойға батып тұңғиық,
Топ басшысы түнерді.
Түс кезінде бір биік,
Із төбеге тірелді.

Үміт жібін жалғай ма,
Жатқан бала көрінді.
Топ басшысы бар жайға,
Айтты берік болуды.

Әбден шаршап, талды ма,
Жансыз дене сияқты.
Қолын созып алдына,
Бетін баса құлапты.

Киімдері жыртылған,
Аяғы да жаралы.
Алға қарай ұмтылған,
Алда дәптер, қаламы.

Бір күн, бір түн даланың,
Өтсе де азап жолынан.
Дәптері мен қаламын,
Тастамапты қолынан.

Жүрмек болып тағы да,
Мың құлаған, мың тұрған.
Түскен затын жанына,
Алу үшін ұмтылған.

Қаламсабын тағы да,
Алмақ болған сияқты.
Қолын созып алдына,
Мәңгілікке құлапты...

Қыран көкті ұрғылап,
Жазбай қалды қанатын.
Жанбай қалды бір шырақ,
Жаңа лаулап жанатын.

Ерте сөнді бір үміт,
Ерте үзілді арман ән.
Қалды жүрек суынып,
Жаңа жанып жайнаған.


Өткен қайтып келе ме,
Мұң жайлай ма көңілді.
..Ол құлаған төбеге,
Биік белгі қойылды.

Кімнің келер көргісі,
Көңілде көп сұрақ та.
Тұр Ырысбай белгісі,
Ауылдан сырт, жырақта.

Махмұтбай ӘМІРЕУАЛЫ.



Суретті салған №111 мектеп
оқушысы Әсем ЕСҚОЖА.
Қармақшы ауданы.



Суретті салған №167 мектеп
оқушысы Нұрберген ПІРІМБЕТ.
Жаңақорған ауданы.

Кел, балалар, оқылық!



Бал дәурен

№16 (335) 15 тамыз 2015 жыл

Газет 2001 жылдан бастап шығады

Жаңалықтар.Хабарлар

Жеңіс мерекесіне арналды



Ұлы жеңістің 70 жылдығына байланысты 9 "А" сынып жетекшісі Ш.Мұстафаеваның ұйымдастыруымен "Атаның қанымен, ананың нанымен келген жеңіс күні" атты ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатында ел адамдарының майдандағы, тылдағы ерен ерліктері еске алынды. "Кестелі орамал", "Ана туралы баллада", "Катюша", "Соғыстан қайтқан солдаттар" әндері шырқалды. Бұл тәрбие сағатының тағы бір ерекшелігі кентімізде қалған жалғыз соғыс ардагері Асылбек Қошқаров ақсақал, төрт ауған ардагері, кент әкімі және

тылда еңбек еткен ардагер апалар шақырылды. Ол кісілер өнегелі сөздерін айтып, енді, ешқашан соғыс болмасын деген тілектерін айтты. Бұл сабақтан тәлім-тәрбие алу үшін жоғары сынып оқушылары да шақырылған болатын. Түйіндей келе айтарым, бізге осындай жарқын заман әкелген, қаншама бай жерлерімізді қалдырған ата-баба ерліктерін ешқашан ұмытпай, жас өркендерге жеткізе білу басты парызымыз.

А.БИЖЕКЕЕВ,
№86 орта мектеп директорының
тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары.

Валейболдан өткізілген жарыс



2015 жыл - мерей тойлар жылы, ұлттық тарихты ұлықтау жылы және бүгінгі жеңістерімізді әділ бағалау жылы. Еліміздің рухын көтеретін ұлы мақсаттарға жеткізетін салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында, биылғы ұлы мерекелердің бастамасы деп қала мектептері арасында №268 орта мектебінде волейболдан жарыс өткізілді. Жарысқа қала мектептерінен 8 команда қатысты. Олар - №11, №148, №215, №218, №172, №176, №257, №268 мектептер.

№268 орта мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы Сейтжанова Жұлдызай ұлағатты ұстаздарға сәттілік тілеп, әрі қарай ойын өз жалғасын тапты. Командалар құрамындағы

ұлағатты ұстаздардың белсенділігі өте жоғары болды. Олар бар ынта-жігерлерін осы сайысқа салды.

Жеңіске жеткен командалар қалалық білім бөлімінің және қалалық денешынықтыру және спорт бөлімінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталды. Бірінші дәрежелі диплом №143 мектептің ойыншылар командасына тапсырылса, II дәрежелі дипломды №268 мектеп ойыншылары жеңіп алды, ал, III дәрежелі диплом №215 мектептің еншісіне тиді.

Нұржан АЯҒАНОВ,
№268 орта мектептің
дене шынықтыру пәнінің
бірлестік жетекшісі.

Онкүндік ойдағыдай өтті



№203 мектепте дәстүрлі "Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық" атты онкүндік іс-шаралар жоспарланып, оқушылардың қызығушылығы мен творчестволық ізденістеріне, сананың қалыптасып және дамуына ізгі жол ашылды. Онкүндікте республикалық "Бөбек" қоры мен "Өзін-өзі тану" тағылымының негізін құрған Сара Алпысқызы Назарбаеваның өмір жолы мен өнегелі істері жөнінде айтылды және оқушылар арасында өнер сайыстары өткізілді. Балалардың өнер сайыстары тоғыз бөлімде өтті.

"Алтын жүрек анамыз" көркемсөз оқуда Мұратбай Нұрбол жеңімпаз болды. "Не сыйласам екен саған Ана-шым" бөлімінің марапатталушысы Избасхан Назерке бәйгеге лайық деп табылды.

"Мейірімді жүректен" бөлімінде 6-7-8-сыныптардың оқушылары ұжымдасып қойымыз шебер орындап шықты. 9-10-сыныптаралық пікір сайыста 10-сынып оқушылары өмірлік проблемаларды шешудің дұрыс жолдарын көрсете білді.

Қазақ халқының ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күніне және 84 жасқа толуына орайластырылған "Бүгін менің туған күнім, ой, пәлі-ай" бағдарламасымен ұлы ақынның өлең-жырлары оқылып, әндері шырқалды. "Ән - көңілдің ажары" концерттік бөлімінде ән шырқаған жас әншілер Шалабай Нұрболат, Бөбеш Әділет, Күмісбай Сұлтан, Қойшығұл Аида әдемі сазды дауыстарымен, жарасымды қимыл қозғалыстарымен көрермендерді риза етті.

Іс-шараларды өткізуде пән мұғалімдері Қ.Бақтыбаева мен И.Смаева белсенділік танытты, мектеп директоры Ш.Төлегенов творчестволық сайысқа қатысушыларға алдағы уақытта да табысқа жетулеріне тілек білдіріп, өнерлі өрендерді құттықтап, марапаттады.

Шолпан МҰРЫНБАЕВА,
№203 орта мектептің
информатика пәнінің мұғалімі.
Жалағаш ауданы.

Татулық пен бірлік мекені



Ассамблеяның 20 жылдығына орай №147 орта мектепте "Қазақстан - татулық пен бірліктің киелі мекені" атты апталық өтті. Онда барлық сынып әр түрлі ұлт өкілдерінің киімдерін киіп, әнін айтып, биін биледі. Сол ұлттың салт - дәстүрлерінен бір көрініс көрсетті. Ассамблеяға орай мектептің 60 оқушысы әртүрлі ұлттардың киімін тіктірді.

Ұлтына, нәсіліне, діні сеніміне қарамастан бұл ұлт өкілдері Қазақстан халқын құрайды. Осы елімізде мекендейтін ұлт өкілдеріне қамқорлық жасау, олардың тыныштығы мен құқықтарын қорғау Ата Заңымыз Конституцияның баптарында көрсетілген.

Гүлнұр АҚЖІПТОВА,
№147 мектеп мұғалімі.
Сырдария ауданы.